

## Аудан бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 сәуірдегі N 16-3 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әділет басқармасында 2009 жылғы 30 сәуірде N 7-8-87 тіркелген. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2012 жылғы 30 шілдедегі N 7-2 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихатының 2012.07.30 N 7-2 шешімімен**

Аудан әкімінің берген ұсынысын қарап, халықтың әлеуметтік қорғансыз бөлігіне көмек көрсету мәселелерін қарастыру бағытында Қазақстан Республикасының "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабын, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 56 бабы 1 тармағының 4 тармақшасын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабын басшылыққа алып аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Аудан бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына бір жолғы әлеуметтік көмек аудан әкімдігінің азаматтардың кейбір санаттарына әлеуметтік төлем төлеу жөніндегі аудандық комиссияның шешімі негізінде төмендегі мөлшерде беріледі:

1) тұрмысы төмен отбасының жанұя мүшесі қайтыс болғанда жерлеу шығындарын өтеуге 10 айлық есептік көрсеткішке дейін;

2) отбасы мүшесі ауыр науқасқа шалдыққан жағдайда дәрігерлердің жолдамасына сай емделу үшін 7 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

3) 100 жасқа және ол жастан асқан аудан азаматтарына 20 айлық есептік көрсеткішке дейін;

4) тұрмысы төмен отбасылардың қозғалмайтын мүлкі өртке ұшырағанда немесе тасқын су зардабын шеккенде жылжымайтын мүлікке техникалық құжаттары бар болған және мүлік ретінде тіркелген жағдайда 25 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) тұрмысы төмен отбасыларындағы жүкті әйелдерге жүктілігін анықтайтын дәрігерлік қорытынды құжат негізінде 20 айлық есептік көрсеткішке дейін;

6) тұрмысы төмен отбасыларының туберкулез ауруының белсенді түрімен ауыратындарға медициналық қорытынды құжат негізінде 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

7) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 9 мамыр Жеңіс күніне 34 айлық есептік көрсеткішке дейін;

8) алғыншылар - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихаттың 2011.08.03 N 41-3 Шешімімен.

9) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне 50 мың теңгеден;

10) Ұлы Отан соғысында қаза болғандардың қайта тұрмысқа шықпаған жесірлеріне 10 мың теңгеден;

11) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілгендерге 10 мың теңгеден;

12) Қайтыс болған Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің жесірлеріне 5 мың теңгеден;

13) Ұлы Отан соғысы кезіндегі тыл еңбеккерлеріне 3 мың теңгеден бір жолғы материалдық көмек берілсін.

**Ескерту. 1 тармақта өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихаттың 2010.03.01 N 25-3, 2010.04.08 N 26-1, 2011.08.03 N 41-3 Шешімдерімен.**

2. Аудан бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына ай сайынғы берілетін әлеуметтік көмек төмендегі мөлшерде беріледі:

1) тұрмысы төмен отбасы мүшелерінің әрқайсысына ай сайын, ауданға бюджеттен осы мақсатқа бөлінген қаражат көлеміне сәйкес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) алғыншылар - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихаттың 2011.08.03 N 41-3 Шешімімен.

3) бейбіт уақытта әскери қызметін өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

4) әскер қатарына соңғы шақырылған тұлғаларға 2,9 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

5) "Капустин Яр" және "Азғыр" әскери-сынақ полигондары әсерінен зардап шеккен:

бала жастан мүгедектеріне, 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға және I топ мүгедектеріне - 2 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

II топ мүгедектеріне - 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

III топ мүгедектеріне - 1 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде.

**Ескерту. 2 тармақта өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Казталов аудандық мәслихаттың 2011.04.12 N 39-6, 2011.08.03 N 41-3 Шешімдерімен.**

3. Әлеуметтік төлемдерді төлеу және тиісті құжаттарды жинақтап өтініш иелеріне жауап беру аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы жүргізілсін.

4. Осы шешім баспасөзде ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*У. Жағыпarov*

*E. Fazizov*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК